



МИНИСТР
ИНТЕРНЕТТІ
БҰҒАТТАУ
ҚАУЛЫСЫНА
ТҮСІНІК БЕРДІ

2-бет



ШЕНЕУНІКТЕР
ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚАШАН
ҚҰЛАҚ ТҮРЕДІ?

3-бет



«ЗА КАЖДОЕ СЛОВО,
ОБОРОТ, ЗАПЯТЮЮ
ЛЮДИ БЬЮТСЯ».
Как переводят 100 лучших
учебников мира на казахский язык

12-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№43 (809), 5 қараша, 2018

ШАРЫҚТАЙ БЕР, ШАРДАРА



БАБААТАДАН
БАСТАЛҒАН
ӨШПЕС ӨМІР

*(Дарынды қаламгер
Тәкен Әлімқұловтың
жүз жылдығына орай)*

Тәкен Әлімқұловтың романдары, хикаяттары мен әңгімелерін айтпаған күннің өзінде, поэзиясы мен сыни еңбектері өз алдына бір төбе...

7
бет



Қызылқұмның қиясы мен жалдары алдымыздан құшағын жайып, теңіздің жағасы ерке самалымен қарсы алды. Жағасында жарқылдап, жарқын қақтық. Туған жердің әр күні жаныңа ыстық, жарқын ғой, бірақ, бүгін ерекше құлпырып, ұзатылатын сұлудай сыланып кетіпті. Әсіресе, алтын шуақтарға көмілген айнадай аппақ айдыңның майда толқындары сылқ-сылқ күліп, кемерді жағалап, жарды сүйіп, тіл жетпес бұла қылық танытып, әдемі әуен, әсем сыр шашады. Жарасымды-ақ! Асығып жолға шыққан қонақтарға құрметі мен қошаметі сияқты. Беліміз бесіктен шыққаннан суын кешіп, құмын кесіп өскен өз топырағымыздың қазіргі ғажайып тұлғасына, ынтық ықыласына таңырқап әрі риза болып тұрмыз.

8-9
бет



ОРМАНҒА ҚАРАП «ҰЛИТЫНДАРДЫҢ» ПАРЛАМЕНТТЕ ОТЫРУЫ - ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗГЕ ЗОР ҚАУІП!

...Біздің күнтізбеде мұндай комсомолдың туған күні мерекесі жоқ. Біз Мәжілістің ресми отырысында отырмыз. Егер біреулер үшін бұл мереке болса, мәжілістің ресми жиынында емес, басқа жерде бір-бірлеріңізді құттықтаңыздар!

5
бет



ҰЛТТЫҚ
ӨНЕРДІҢ
ШЫНАЙЫ
ЖАНАШЫРЫ

16
бет

КОРРУПЦИОННЫЕ ВИРУСЫ КАЗАХСТАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ: НАДО ПЛАТИТЬ ВЕЗДЕ

Из года в год в начале учебного года обсуждается проблема поборов в школах. И в этом году официально заявили: поборы с родителей в школах – незаконные. По словам зампреда Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции Олжаса Бектенова, сборы с родителей в школах республики стали обыденным явлением, при этом они незаконны во всех своих формах.



10
бет

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ҚЫЗМЕТІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

ҚР Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев жауапты ведомстволарға халықты жұмыспен қамту жұмыстарына мониторинг жүргізуді жүктеді.

«Жалпы, бағдарламаның (нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы) жоспарлы көрсеткіштері жаман емес. Жылдың соңына дейін әлі екі ай бар. Құрметті әкімдер, өздеріңіздің баяндамаларыңызда айтып отырғандай, өңірлерде жұмысты ары қарай жылдамдатып, жылдың соңында жоспарланған көрсеткіштің бәріне қол жеткізіміз қажет», — деді Бақытжан Сағынтаев кезекті Үкімет отырысында. Үкімет басшысы бұдан басқа Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, ҰЭМ, АШМ-мен бірлесіп, нысаналы топтарды,



атап айтқанда, жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған адамдардың табысын арттыру үшін нәтижелі жұмыспен қамтуға тарту бойынша қабылдап жатқан шаралардың барысына мониторинг жүргізу жүйесін жолға қою керектігін ескертті. «Бастау-бизнес» жобасы бойынша оқуын аяқтаған адамдарға микронесие беру мәселесін толық шешуіміз

қажет. Бір жыл бойы ол жағын айтып келе жатырмыз. Келесі жылы бір бағытқа көшуіміз қажет», — деді Үкімет басшысы. Премьер-министр сондай-ақ, оқығандардың 33 пайызын жұмыспен қамтылу көрсеткіші төмен екенін айтып өтті. Б.Сағынтаев бағдарламаның тиімділігі тұрғындардың табысының өсуіне қарай да бағалануы тиіс екенін ескертті.

МИНИСТР ИНТЕРНЕТТІ БҰҒАТТАУ ҚАУЛЫСЫНА ТҮСІНІК БЕРДІ

Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев Үкімет қаулыларында Қазақстанда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай кезінде интернетті бұғаттау қаулысына қатысты пікір білдірді.



органмен өзара әрекет ете отырып, «әлеуметтік, табиғи және техногендік тұрғыдан төтенше жағдай болғанда» Үкімет пен Президент байланысынан басқа

интернет пен байланыс жүйесін тоқтатуға құзыретті.

«Халықты төтенше жағдай туралы құлақтандыру мәселесі ең жоғары деңгейде қалып отыр. Халықтың дүрлігуіне жол бермес үшін мұндай шешімді қандай да бір комиссия қабылдайтын болады», — деді министр.

Ақпарат және коммуникациялар министрі техникалық жағынан интернетті бір ғана қалада немесе бір облыста бұғаттау мүмкін екенін айтты. Сондай-ақ, мұндай шаралар төтенше жағдайлар кезінде желіде түрлі видеолардың таралмауы үшін қолға алынбағанын мәлімдеді.

ИНСУЛЬТ ҒАСЫР АУРУЫНА АЙНАЛЫП БАРАДЫ

Елімізде жыл сайын 40 мыңнан астам адам инсультқа шалдығады және сырқаттанушыларды жасы жыл сайын жасарып барады.

Бұрын бұл дертке көбіне 60-70 жастан асқан егде адамдар ұшыраса, бүгінде ол 40-50 жастағы жандардың арасында жиіледі. Аурудың алдын алу үшін дұрыс тамақтану, салауатты өмір салтын ұстану керек. Сонда ғана бұл кеселден арылуға болады. Ұлттық нейрохирургия орталығының дәрігерлері осылай деп, дабыл қағып отыр. Бүгін орталық мамандары инсультпен күрес күніне орай келушілерге арнап дәріс оқыды. Мамандардың айтуынша, әлемде жылына 33 миллионнан аса адам инсульт алады. Егер адамның бет-әлпеті қисайып, аяқ-қолы әлсізденіп, сөйлеу қабілеті нашарласа, шұғыл түрде жедел жәрдем шақыру керек.

«Инсульттың емі бірінші 4 сағаттың ішінде жасалуы тиіс. Егер 4 сағаттан асып кетсе, біз ол ауруға көмек бере алмаймыз. Әрине, дәрігерлер қолдан келгенін бәрін жасайды. Бірақ, науқас бұрынғы қалпына келмейді», — дейді республикалық инсульт проблемалары жөніндегі координациялық орталықтың бас маманы Зәуреш Ахметжанова.

ӨЗБЕКСТАНДА БІР ЖАРЫМ МИЛЛИОН ҚАЗАҚ ТҰРАДЫ

Өзбекстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясындағы кафедра меңгерушісі Мансұр Бекмуратов өз елінде тұрып жатқан қазақтар туралы мәлімет берді.

«Өзбекстанда 1,5 миллионнан астам қазақ өмір сүреді. Біздің елде 100-ге жуық қазақтың ұлттық мәдени орталықтары қызмет етуде, сондай-ақ 500-ден астам жалпы білім беретін мектеп бар. Атап айтқанда, қазақ тілінде кадрлар даярланып жатыр және ансамбльдер, театрлар жасакталған. Осы орайда, Өзбекстандағы қазақтарға тиісті жағдайлар жасалған», — деді шетелдік сарапшы «Қазақстан және Орта Азия: этноәлеуметтік процестер мен этномәдени байланыс» тақырыбында ҚХА-ның Орталық Азия ғылыми сарапшылық кеңесінің отырысында.

Сонымен қатар, ол жақында жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижесіне тоқталды. Оған сәйкес, өзбек ұлтына жатпайтын тұрғындардың

97 пайызы Өзбекстанды өздерінің туған елі деп санайтындығын және ешқандай да қысым болмағанын атап өткен.

«Өздеріңіз білесіздер, Орталық Азияның халықтары толеранттығымен, өзге халықтарға деген сүйіспеншілігімен, олардың мәдениетіне сыйластықпен қарауымен ерекшеленеді. Бүгін Астанада Орталық Азия тақырыбында өтіп жатқан отырыс ары қарай қай бағытта дамудың мүмкіндіктерін жете түсінуге ықпал етеді. Биыл Өзбекстанның Қазақстандағы жылы деп белгіленген. Бұл өз кезегінде екі елдің жақындаса түсуіне мүмкіндік береді», — деді М.Бекмуратов. Осы орайда ол алдағы жылы Өзбекстандағы Қазақстан жылы басталатынын еске салды.

БЮДЖЕТ БОЛЖАМЫ БИІК, ОРЫНДАЛУЫ ҚАЛАЙ БОЛМАҚ?

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында ҚР Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов еліміздің 2019-2023 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын таныстырды.



Мәжіліс кепілдендірілген трансферт туралы құжатты мақұлдады. Базалық ставканың жаңа деңгейі теңге активтеріне сұранысты арттырады деп күтілуде. «Болжам 2017 жылғы жалпы ішкі өнімнің есептік статистикалық деректері мен экономика салаларының осы жылдың 7 айының қорытындылары және әлемдік тауар нарықтарындағы жағдайы негізінде жасалды. 2019 жылы мұнай бағасы Әлемдік қаржы ұйымдарының консенсус-болжамы бір баррельге 66,7 АҚШ долларын құрайды. Осыны ескере отырып, базалық сценарийде мұнайдың бағасы 60 АҚШ доллары деп алынды»,

— деді Т.Сүлейменов. Оның атап өтуінше, жалпы ішкі өнімнің нақты өсуі 2019 жылы 3,9 пайызды, ал 2023 жылы 4,6 пайызға дейін болжанады. ЖІӨ-нің орташа жылдық өсуі алдағы болжанатын кезеңде 4,2 пайызды құрайды. «2019 жылы номиналды жалпы ішкі өнім 64,1 триллион теңгеден 2023 жылы 86,9 триллион теңгеге дейін өседі. Жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 2019 жылы 9,9 мың АҚШ долларын құрап, 2023 жылы ол 12,9 мың АҚШ долларына дейін ұлғаяды», — деп нақтылады ведомство басшысы.

БАЛАНЫ ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТУДЫ АТА-АНАЛАРЫ ШЕШЕДІ

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында бүлдіршін үш тілді қатар меңгеруі керек деп жазылмаған.

Балабақшаға курстар ата-аналар сұранысына сай енгізіліп отыр. Яғни, ата-аналар балаларын қанша тілде оқытатынын балабақшаға жіберетінін өзі шешеді. Бұл туралы ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев балалардың ерте дамуына арналған бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу мәселелері бойынша өткізілген отырыста айтты.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Мұрат Бахтиярұлы балабақшаларда бүлдіршіндерді үш тілде оқытудың кері әсері болуы мүмкін екендігіне тоқталды. Айтуынша, осыдан 25 жыл бұрын балабақшада үш тілде оқытуды

жүзеге асырған мемлекеттер бүгінде үлкен қиындыққа тап болып отыр. Мұнымен қатар, маман шетелдік профессормен осы тақырып төңірегінде пікір алмасқанын жеткізді. Өз кезегінде ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев балабақшаларға неліктен ағылшын тілі курстары енгізілгенін түсіндіріп өтті.

«Соңғы уақытта балаларды үш тілде оқытуға қатысты ата-аналар тарапынан ұсыныс көп түскенін байқадық. Осы мәселеге келгенде біздің ұстанымымыз — ата-аналар өздері шешсін. Балаларын үш тілді балабақшаға бергісі келсе, берсін. Керісінше балаларының бір тілді ғана меңгергенін қаласа, оны да өздері шешсін. Бастысы, біз бүлдіршіндерге үш тілді қатар меңгеруге жағдай жасап отырмыз», — деді Ерлан Сағадиев.

ЖАЛАҚЫНЫ КӨБЕЙТТІК ДЕП БАҒАНЫ КӨТЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ

Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов қазақстандық кәсіпкерлер мен өндірушілерге үндеу жасады. Министр Президенттің жалақының өсіру туралы заңынан кейін бағаны көтермеуді сұрады.



Министрге еліміздегі әлеуметтік маңызы бар тауарлар қымбаттай ма, жоқ па деген сұрақ қойылды.

«Бизнесмендерімізге, ірі және ұсақ сауда желілеріне үндеу жасағым келеді. Біз жалақы өсті деп бағаны көтермеуіміз керек. Жалпы экономикамыз өсті, бірақ әр адамның табысы өсті деп айта алмаймыз. Сондықтан, қазір осындай шешім шығардық. Халықтың нақты табысы экономика өсіміне сәйкес болуы үшін осылай жасап жатырмыз», — деп түсіндірді министр.

Министр кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілік танытып, бағаны көтермейтініне сенетінін айтты.

«Біздің барлық кәсіпкерге өтініш, осы жақсы бір өзгерісті дұрыс қабылдаңыздар. Бағаны көтерудің қажеті жоқ», — деді ұлттық экономика министрі.

Сүлейменов уәкілетті органдардың баға өсімін қатаң қадағалайтынын ескертті. Мұның алдында министр жалақының өсуі министрлер мен депутаттарға қатысы жоқ екенін мәлімдеген болатын.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІ БАУЫРЖАН БАЙБЕКТИҢ, ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ ҚАЛДЫБАЙ ҚАЗАНБАЕВТЫҢ НАЗАРЫНА

Қоғам болып қауымдасып өмір сүрген соң әрбір адам халқына, еліне қызмет етуге міндетті. Аула сыпырушы, етікшіден бастап түрлі лауазымдағы әкімдер де өз елінің көркейе түсуіне, өз жұртының тұрмысын жақсарту үшін аянбай еңбек етуге тиісті. Бұл қоғамда қалыптасқан бұлжымас қағида, ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін ереже. Өкінішке орай, осы бір заңдылық үнемі сақтала бермейді, тіпті өрескел бұзылады. Түрлі заң бұзушылықты басқа емес, таянғанда тіреу, жығылғанда сүйеу болар деп барша халық сенім артқан мемлекеттік қызметшілер тарапынан жиі байқап жүрміз. Біреулері пара алып жемқорлыққа салынса, екіншілері жайлы орынға жайғасып алып, халықтың мұң-мұқтажына, шырылдаған жанайқайына құлақ түрмейді. Сонда олар халық есебінен айлық алып, құзіретті кеңседе не бітіріп отыр?..

Алматы қаласы Алатау ауданында орналасқан «Ұлжан» ықшамауданы еліміздің тәуелсіздігімен түйдей құрдас, іргетасы сонау 1991 жылы қалана басталғанды. Қалалық бюджетте көк тиын жоқ кезде, зейнеткерлерге ақша тауып бере алмай жатқан жылдардың қиындығын тұрғындар талай тартқан болатын. Жол,

«үйдегі бағаны базардағы нарық бұзады» демекші, жоспарлары жолай бұзылып, құрылыс аяқсыз қалды. Су мен кәріз жүйесі әлі де пайдалануға берілген жоқ. Әкімдіктегілердің айтуынша, жоспарлағанда 500 үй есепке кірмей қалыпты. Сол себепті бөлінген ақша барлық жұмысты толықтай атқаруға жетпей қалған.

Біріншіден, жұмыс көлемін дұрыс есептеу қажет еді. Екіншіден, жұмысты атқаратын мердігерлерге бақылау жүргізілмеген. Қатан бақылау болғанда мұндай жағдай орын алмас еді. Осыған қарап бізде жұмысты атқаруға ұсыныс білдірген үміткерлерді саралайтын тендер дұрыс өткізілмейтінін байқауға болады. Дәлірек айтсақ, тамыр-таныстық, бармақ басты, көз қысты әрекеттерге жол берілуі мүмкін. Ең бастысы, қомақты қаржы бөлінсе де атқарылған жұмыстан нақты, түпкілікті нәтиже жоқ. Содан барып тұрғындардың наразылығы туындап, даудамай басталады. Халық бостан босқа шуылдамайды. «Ұлжан» ықшамауданында бұдан да басқа мәселе жетерлік, соның кейбіріне тоқтала кетелік.

Тұрмыстық қалдықтарды шығару «Ұлжан» тұрғындары

бассыздыққа шыдамаған тұрғындар Алматы қаласы әкімінің орынбасары С. Мәкежановтың қабылдауында да болды. Бір жұмада мәселе шешіледі деген басшының уәдесі бір жылға созылды. «Сапаров» кәсіпорнына шамасы жетпеді ме, әлде әдеттегідей салғырттыққа салынды ма қокыс туралы даудамай осы күнге дейін бесендейтін түрі жоқ. Бұл туралы біздің газет былтыр жазған болатын. («Қазақ үні» газеті, «Кәсіп – күштіңікі, бизнес – білектіңікі ме?» 15-қыркүйек, 2017 ж.) Сын мақаланы қала әкіміне жібергенмен, оған жауап ала алмадық. Соған қарағанда біздің әкімдер БАҚ пен халық үніне құлақ түруден мүлдем қалған сияқты.

Биыл жаңадан тендер өткізіп, өзге «Горкомхоз» деген кәсіпорынды жібергенмен, одан

бүгінгі күннің тұрақты көрінісі екені белгілі. Ақша үшін олар ешкімді аямайды. Бізге тап болған капиталистік жүйе мен мақтаулы нарықтық қатынастардың сиқы осындай. «Екі сиыр сүйкенсе ортасында шыбын өледі» демекші, аяғында қарапайым тұрғындар сорлайды. Қокыс туралы хикая бұнымен де бітпейді. Енді бұдан былай бұл қызметтің құны адам басына бірден 200 теңгеге қымбаттамақшы. Мысалы бұрын адам басына 350 теңге болса енді 550 теңге талап етіледі. Бұны жаңадан келген компания қалалық Мәслихаттың шешімімен бекітілген деп түсіндіруде. Бұл да тойымсыздықтың белгісі. Бір үйде орта есеппен 5 адам тұрса айына әрі кеткенде 8-10 қап қокыс жинайды. Тонналап қокыс шығаратын зауыт емес қой. Әлде, бағаны соншалықты аспандататындай кәсіпкерлер қокысты ұшақпен тасып жатырма? Кәсіпорынның тойымсыз тәбетін тежегеннің орнына тізгінін бос жіберген мәслихаттың бұл шешімін тұрғындар түсіне алмай дал. Өздері сенім білдірген халық қалаулылары әкімдік пен тойымсыз кәсіпкерлердің жетегінде кеткені деп бағалауда. Халық депутаттарды осы үшін сайлады ма? Оған қоса монополияға қарсы жұмыс істеуге міндетті біздің мемлекеттік мекемелер қайда? Қарапайым халықты тонаып қойып, қарап отыра бермекші ме?

Байлаусыз баға мен тойымсыз тәбетке қатысты тағы бір мысал. Қазір үйлер газбен жылытылады, оның бағасы да арзан емес. Есептегіш құрал 5 жылға арналған екен. Одан кейін тұрғындар өз есебінен ауыстыруға тиісті деген «Алматыгаз» мекемесі жұртты өуре-сарсаңға салуда. Мекемеде қазір ұзын-сонар кезек, таңертең барып, кешке дейін жүресіз. Шынын айтсақ, дұрыс істеп тұрған құралды неге ауыстыру қажет. Мысалы, электр қуатын тарататын мекеме есептегіш құралдарды өз есебінен ауыстырды. Сонда газ мекемесінің оған шамасы жетпегені ме? Айналып келгенде адамдардың арқасында онсыз да қыруар пайда көріп жатқан жоқ па? Ол туралы ай сайын тексеруге келетін бақылаушылар неге алдын ала ескертпейді. Сол құралдың дұрыстығын келіп тексеру үшін 6,5 мың теңге ақша талап етеді. «Мен зейнеткер болғандықтан жаз бойы газға қыста жылыту маусымында жеңіл болу үшін ақшаны артығымен төлеп келдім. Сол ақшам босқа кеткелі тұр. Есептегіш құралдың мерзімі бес ай бұрын өтіп кеткен деп жаз бойы менен үйдің әрбір шаршы метрі үшін ақша ұстап келіпті. Сонда қалай болғаны, мен жазда үйді жылытқан жоқпын ғой», — дейді Күренқұлақ көшесінің тұрғыны, зейнеткер Ә.Палтаева.

Қаланың иесі саналатын әкімдік тарапынан бақылаудың босансуына байланысты кәсіпкерлер білгенін істеп жатыр. «Иесіз үйді қонағы билейді», — дейді қазақ атамыз. Соған қарағанда, қаланың иесіз қалғаны ма? Ұлжандықтардың ұлардай шулауына себеп жеткілікті. Ол да негізсіз емес. Бірақ, олардың жанайқайын әкімдіктегілер ести қояр ма екен?..

ШЕНЕУНІКТЕР ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚАШАН ҚҰЛАҚ ТҮРЕДІ?

су, мектеп, емхана, балабақша жоқ күндерді де басынан өткерді. Оқушылар «Айнабұлақ», «Доржник» сияқты 5-6 шақырым жердегі көрші орналасқан ықшамаудандардағы мектептерге жауында батпақ кешіп, қақаған аязда жаяу барып оқыған-ды.

Қазіргі күнге шүкіршілік айтуымыз керек. Ел еңсесін көтеріп, экономикамыз шарықтап кете қоймаса да қалыпты жағдайға келді. Бюджеттен халықтың тұрмысын көтеру үшін жылына қыруар қаржы бөлініп жатыр. Бірақ, халықтың сол ақшасын белгіленген максатта жұмсап, толық игере алмайтын күйде қалдық. Оны Мәжіліс депутаттары да айтып, Үкіметіміз де мойындап отыр. Оған қоса қаржы жолай тоналып, осы іске жауапты лауазымдылардың бірқатары істі болып, түрмеге қамалғанын да жақсы білесіздер.

«Жоққа жүйрік жетпейді» дейді халық даналығы, ал Үкіметтен арнайы бөлініп, қолдарына ұстатқан қаржыны ұқсата алмауды қалай түсінуге болады? «Ұлжан» ықшамауданында қазір мектеп, балабақша, емхана жұмыс істейді. Орталық көшелерде асфальт төселгенмен көптеген қосалқы көше тұрғындары осы күнге дейін жауын жауса, батпаққа батып, құрғақ күндері шаң жұтумен келеді. Ол аздай төселінген асфальт жолды да су мен кәріз жүйелерін жүргіземіз деп қазып іске алғысыз етті. Бұл жұмыстар өткен 2017 жылы ерте көктемде басталған болатын. Білек сыбанып келген мердігерлердің бастапқы қарқындары тұрғындарды кәдімгідей қуантып тастаған-ды. Жылдың соңына дейін құрылысты жоспарға сәйкес аяқтап тапсырамыз, бәрін ойдағыдай орындаймыз деген ұрандарына ұлжандықтар имандай сенген-ді. Бірақ,

Бұл қалай болғаны, құрылыс жұмыстарына тапсырыс берген мамандар айналдырған 2 мың үйдің санына жете алмағаны ма? Сол себепті қазылған жолдар осы күнге дейін қалпына келтірілмеген. Ой-шұңқырлы жолдармен көліктің жүруі қиындап кеткен. Былайша айтқанда, әкімдіктегілер артық қыламыз деп тыртық қылып тынды.

Осы да және басқа да қордаланған мәселелерді аудан, қала шенеуніктеріне айта-айта жалыққан тұрғындарға енді телеарна арқылы жанайқайларын білдіргеннен басқа жол қалмаған секілді. Аудан мен қала басшыларына жету де оңай емес, түрлі сылтаулар айтып қабылдамайды. Сондықтан, алдында ғана «Алматы» телернасын шақырып мұның шаққан ұлжандықтар енді «Астана» телернасын шақырып тағы да жиын өткізді. Бұл жолы БАҚ өкілдерінің келетінін естіген шенеуніктер ықшамауданға өздері де төбе көрсетті. Алматы қаласы Энергетика және коммунальдық шаруашылық басқармасының бөлім басшысы Әбіл Алдияров пен Алатау аудандық әкімдігінің өкілдері бұл жолы тележурналистердің қатысумен тұрғындармен кездесуіне тура келді. Бірақ, жақын арада одан ештеңе өзгере қоймасы белгілі болып отыр. Бұзылған жолдарды келесі жылы жөндейміз деп әдеттегідей уәде беріп құтылды. Сөйтіп, құрылысты тағы бір жылға созды, ал адамдар болса күзгі жауын маусымында батпақ кешіп жүр. Осы кездесуде болған әңгіме «Астана» телернасы арқылы көрсетілді.

Бұл жерде аудандық және қалалық әкімдік мамандарының жұмысты дұрыс ұйымдастыра алмағаны айтпаса да түсінікті.



үшін тұрақты мәселеге айналғалы екі-үш жылдың жүзі болды. Бұрындар жылдар бойы дұрыс жұмыс істеп жүрген «Қарлығаш» кәсіпорнын қысымға алған біреулер оны шеттетіп бақты. Алдымен Айтқожанова дегеннің компаниясы қокыс шығару жұмысын тартып алмақшы болды. Олармен соттасып әділдікке жеттім бе дегенде «Сапаров» деген екінші бір кәсіпорын көлденеңнен шыға келді. Бұдан да басқа бес бірдей ықшам ауданның қокысын шығарып жүрген бұл монополист компания енді «Ұлжан-1,2» ықшамаудандарын да өзіне алмақ ниетпен шабуылға шықты. Осы жұмыстарды реттеп отыруға тиісті Экология және табиғи ресурстарды пайдалану басқармасы мен Алатау аудандық әкімдігі бұл дауды шеше алмады. Ал «Сапаров» кәсіпорыны өз ықпалын күшейте түсті. Бұрындар әр үйде нақты тұратын адам санына ақша алса енді тіркеуде тұрған адамдардың бәрі үшін ақша талап етіп тойымсыздыққа салынды. Мысалы бір зейнеткердің үш баласы болса солардың бәрі оның үйінде тіркеуде тұрады. Үш баласы бала-шағасымен бір үйге қайтып сияды. Олардың екеуі пәтер жалдап жатса, солар үшін де ақша төлеуге міндеттелді. Мұндай ережені кім ойлап тапқаны белгісіз, санаға сиымсыз екені анық. Сонда пәтерде тұратын балалары қокысын әкелерінің үйіне әкеліп жүргені ме? Бұл

жеңілдік болмады. Бұл жеңімпаз кәсіпорында дұрыс техника да болмай шықты. Сонда олар тендерді қалай ұтып алып жүр? Соған қарағанда тағы бір мықты өзінің таныстарын тыққаны немесе біреудің атынан бұл жұмысты өзіне алғаны байқалады. Өз ісін лайықты атқарса тұрғындар оған да келісер еді. Бір ай өтсе де бұл жаңадан келген компания жұмыстарын дұрыс жолға қоя алмай жатыр. Аула сыртында шашылған қокыс көше тазалығына кері әсерін тигізуде. Бұл түрлі аурулардың таралуына әкеліп соқтыратыны белгілі. Екіншіден, осы жұмыс үшін тұрғындар ақша төлеп жатқан соң халықтың өзіне неге таңдау бермейді? Тендер дегенді неге күштеп телиді? Қалалық әкімдік бұл жерде бір тиын ақша шығарып отырған жоқ, керісінше өзінің тендер дегенімен кедергі келтіруде.

«Сапаров» кәсіпорны жай кеткен жоқ, тұрғындардың мойнына қыруар қарыз іліп кетті. Осы күнге дейін «Алсеко» арқылы қарызды төлендер деген қағаздар келіп жатыр. Кейбіреулерге белгіленген оның көлемі 60-70 мың теңгеге дейін жетеді. Қарызы барларды сотқа беріп, ақшаларын өндіріп алуда. Ал «Ұлжан» ықшамауданында байлы-бақуаттылар тұрмайды. Көбісінің тұрмысы төмен, жартысына жуығы зейнеткерлер.

Кәсіпорындар арасындағы бәсекелестік пен пайда үшін талас

ПРАВИТЕЛЬСТВО ПОДДЕРЖАЛО ПРЕДЛОЖЕНИЯ ДЕПУТАТОВ «АК ЖОЛА»!

Правительство поддержало предложения депутатов «Ак жола» в Программу продуктивной занятости и массового предпринимательства — об этом стало известно из ответа Премьер-министра на депзапрос от 26 сентября т.г.



чения.

В этой связи фракция «Ак жол» обратилась к Правительству с предложениями по устранению вышеперечисленных недостатков.

В официальном ответе Правительства (от 23.10.2018) на депутатский запрос говорится, что в настоящее время осуществляется работа по изменению статуса Программы с правительственной на государственную.

«В рамках данной работы вносятся ряд изменений и дополнений в Программу в части:

- дополнения числа участни-

ков Программы действующими предпринимателями со сроком государственной регистрации более трех лет;

- снижения требования по созданию рабочих мест получателями микрокредитования;

- увеличения размера максимальной суммы микрокредита в сельских населенных пунктах для развития якорной кооперации — от 5 тысяч МРП до 8 тысяч МРП», — сообщается в письме за подписью Б.Сагинтаева.

Кроме того, из ответа стало известно, что для завершивших обучение по проекту «Бастау Бизнес» ограничений срока действия сертификата не установлено, и они пользуются приоритетным правом на микрокредитование.

Депутаты «Ак жола» выражают признательность Правительству за оперативную поддержку инициатив предпринимателей и считают, что эти дополнения — эффективный шаг на пути реализации Программы продуктивной занятости и массового предпринимательства.

Пресс-служба
ДПК «Ак жол»



НЕТ ТАКОГО ПРАЗДНИКА – ПЕРУАШЕВ О СТОЛЕТИИ ВЛКСМ МАЖИЛИСМЕН ВОЗМУТИЛСЯ ПОЗДРАВЛЕНИЯМИ ОТ ДЕПУТАТОВ С ЮБИЛЕЕМ КОМСОМОЛА.

Лидер фракции «Ак жол» призвал «нуротановцев» вспомнить, в какой стране они живут. Инцидент произошел на правительственном часе в мажилисе после того, как вице-спикер мажилиса Владимир Божко напомнил о том, что сегодня исполнилось 100 лет со дня создания ВЛКСМ.

«Наверное, будет правильно на сегодняшний день вспомнить период приобретения независимости Казахстана, становления и 27-летнего развития, и при этом отметить тот большой вклад, который внесли в это бывшие комсомольцы, прошедшие школу комсомола, выросшие в его рядах и получившие опыт организационной, хозяйственной и политической работы, который пригодился при строительстве суверенного Казахстана. В зале практически все эту школу прошли, и хотелось бы отметить это и напомнить о хороших делах нашей молодости», — сказал Божко.

Его поддержал коллега по фракции «Нур Отан» Сергей Звольский.

«Я хотел бы сегодня всех нас поздравить с праздником, 100-летием комсомола», — сказал депутат, поблагодарив вице-спикера за поднятую тему.

Однако эту идилию разрушил лидер парламентской фракции «Ак жол» Азат Перуашев.

«Уважаемый Владимир Карпович! У нас официальное заседание мажилиса. Начинаем поздравлять. Вот вы в своем выступлении, сейчас еще коллеги, с днем комсомола. Нет такого

праздника. Я, коллеги, хотел бы напомнить, в каком государстве мы живем. Мы живем в независимом Казахстане. У нас в календаре нет таких праздников. Если для кого-то это личный праздник, поздравляйте друг друга лично, пожалуйста. Не на официальном заседании мажилиса», — подчеркнул Перуашев.

Депутат от Ассамблеи народа Казахстана Ахмет Мурадов напомнил Азату Перуашеву о «комсомольском прошлом».

«Я хотел бы поблагодарить своего коллегу Азата Турлыбековича за то, что он напомнил, в каком государстве мы живем. На самом деле 25 октября мы пропустили, но очень долго отмечаем, как день республика, день, когда была принята декларация о государственном суверенитете Казахстана. Поздравляю, Азат Турлыбекович. И то, что мы сегодня можем так говорить уверенно с позиции партии, я думаю, что это ваше прошлое, комсомольская закалка позволяет вам так себя вести. Будьте здоровы», — сказал Ахмет Мурадов, после чего Владимир Божко прервал этот обмен мнениями.

Total.kz

ДЕФИЦИТА УГЛЯ В КОКШЕТАУ – НЕТ. В ЭТОМ ДЕПУТАТ КАЗБЕКОВА УБЕДИЛАСЬ ЛИЧНО

Дефицита угля в Кокшетау — нет. В этом депутат убедилась лично. Не секрет, что ситуация с топливным бумом повторяется из года в год. С началом отопительного сезона увеличивается спрос на топливо, которое влечет за собой много посредников по его продаже. Казбекова посетила в Кокшетау ряд ж/д тупиков по продаже угля, производственный центр ЧП «ИВВИ»: везде наблюдалась транспортная очередность, которая в этот период времени является уже обычным явлением.

По словам руководителя отдела внутренней политики акимата г. Кокшетау Досбола Сагиндыкова ежедневно в областной центр поступает около 4-5 вагонов угля, 80% которого отпускается населению по доступной цене. Нередко предприниматели хотят необоснованно поднять цены на топливо, но местные исполнительные органы держат на контроле данный процесс, не допуская



искусственного повышения цен.

На сегодня в городе Кокшетау функционируют восемь центров продажи угля, из них 3 обеспечивают углем физических лиц.

Несмотря на то, что в регионе не наблюдается дефицит угля, депутат обратила внимание руководителей на бесперебойное

обеспечение топливом малообеспеченных слоев населения.

Казбекова напомнила, что нынешнее Послание Главы государства направлено на улучшение благосостояния и качества жизни населения.

Акмолинский областной филиал ДПК «Ак жол»

ВСТРЕЧА ПО ВОПРОСУ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ «7-20-25»

23 октября Берик Дюсембинов провёл встречу с представителями управлений экономики, строительства, архитектуры и градостроительства ВКО, строительных организаций, банков второго уровня по вопросу реализации программы «7-20-25».

Депутат отметил, что при появлении программы «7-20-25» ожидания граждан были неоправданно высоки, однако данные по предоставленным ипотечным займам не столь впечатляющие и, вероятно, следует учесть предложения людей для успешной реализации данной социальной инициативы.

В ходе встречи было озвучено, что в настоящее время банками второго уровня принято 3752 заявки на получение ипотечного займа, по 2513 из них предоставление займа одобрено. По состоянию на 18 октября т.г. по ВКО

принято 220 заявок на получение ипотечных жилищных займов на сумму 1936,7 млн. тенге, 148 из них на сумму 1315,6 млн. тенге уже одобрены. В настоящее время областные управления проводят анкетирование работников бюджетных сфер в целях определения недостающей части первоначального взноса для участия в программе и выявления потенциальных заёмщиков.

Представители банков высказали ряд проблемных моментов, связанных с реализацией программы, в их числе:

- закредитованность населения; низкий уровень заработной платы либо пенсионных отчислений у потенциальных заёмщиков;

- ограничение по размеру предоставляемого займа в 15 млн. тенге не подходит категории многодетных семей, нуждающихся в более просторном жилье;

- ограничения по отсутствию у заёмщика жилья на праве собственности и отсутствию других ипотечных кредитов;

Представитель строительной компании «ВК-Техногрупп» презентовал собравшимся новый жилой комплекс «ERTIS CITY» в левобережной части Усть-Каменогорска, где уже по этой программе реализуются квартиры до 82 кв.м. стоимостью до 14,8 млн. тенге.



В завершении встречи мажилисмен подчеркнул, что заинтересованность строительных компаний в реализации программы «7-20-25» очень важна и призвал госслужащих и представителей банковского сектора направить

действенные предложения для более эффективной реализации программы.

Восточно-Казахстанский
областной филиал
ДПК «Ак жол»

ОРМАНҒА ҚАРАП «ҰЛИТЫНДАРДЫҢ» ПАРЛАМЕНТТЕ ОТЫРУЫ - ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗГЕ ЗОР ҚАУІП!



Мәжілістегі аптаның алғашқы күні «айқаспен» басталды.

Қай елдің парламентін басқарып отырғанын ұмытып кеткен вице-спикер Владимир Божко Мәжілістің пленарлық отырысын ашарда биссимиластын келмеске кеткен комсомолдың 100 жылдығымен құттықтап, 29-қазан ВЛКСМ-ның туған күні екенін еске салумен бастады. Басшы айтқасын, басқалар қалсын ба, Сергей Звольский бастаған депутаттар жамырап қоштай кетті.



қалдырып отырған кім? Ол сарбаздың өзінің аты-жөні кім? Қызыл туды ұстап тұрған сарбаз кезінде Көк туды сүйіп тұрып, әскери ант қабылдаған жоқ па? Осы тойда атақты әнші аға-апалары секіріп, кеңес әндерін шырқап жатқанда, ән айтудан бас тартқан әйгілі әнші Еркін Шүкіманның Тәуелсіздікке адалдық танытқан табанды қайсарлығын нағыз ерлік көрсетуге дайын болуы тиіс әскеріміз неге көрсетіп, отарлаушы елдің қызыл туын көтеруден бас тартпайды? Міне, бұл жерден біздің Тәуелсіздігіміздің 27 жылындағы Ұлттық идеологиямыздың жоқтығы анық көрініп тұр. Бұған заңдылықты қадағалаушы Бас прокуратура араласып, бұл сұрақтарға Қорғаныс министрлігі мен тиісті органдар жауап беруі керек!

Оны айтасыз, енді міне, комсомолдың 100 жылдығымен құттықтау Тәуелсіз Қазақстан парламентінде вице-спикер мен депутаттардың аузынан да шығып жатыр... Қазақстанның бодан елден бостан елге айналғанын мәлімдеп, Кеңес империясынан Тәуелсіздік алғанын жариялаған – Парламент Мәжілісі (бұрынғы аты Жоғары Кеңес!) Енді сол парламентте вице-спикері сол отарлаушы Кеңес империясының қызыл комсомолының туған күнімен құттықтайды? Нағыз парадокс осы емес пе? Мәжіліс вице-спикері В.Божко мырза бұл әрекетімен Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік хәм ұлттық идеологиясын аяқ асты етіп отырғанын біле ме екен?

Әлеуметтік желіде комсомолдың 100 жылдығын тойлауға қатысқан оппозиция



өкілі Әміржан Қосановтың өзін «Жаңа Қазақстан» форумынан шығару мәселесі көтеріліп жатыр. Ендеше, «Нұр Отан» партиясы да сол комсомол тойына қатысқан депутаттар мен Мәжілісте кеңестік империя сойылын сокқандарды да партиядан шығаруды күн тәртібіне қоюы керек.

Ал біз кеше Тәуелсіздікті кеңестік коммунистерден алсақ, онда бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан парламентінде коммунистердің фракциясы болуы тіпті ақылға сыймайтын саяси фарс!

Мәжілістің өзін комсомолдың тойына айналдырып жібергісі келгендер парламентте вице-спикер Божкодан бастап толып отырса, 27 жыл Тәуелсіздігіміз қайда кетеді? Сонда біздің Ұлттық Тәуелсіздік идеологиямыздың жемісі қайда? Кеңес кезіндегі санадан әлі арылмағанбыз ба? Сонда Тәуелсіздігімізге ширек ғасырдан асса да, тек мемлекеттің аты мен Коммунистік партияның аты ғана, кабинеттердегі көсемдер портреті ғана ауысқан ба? Парламенттің вице-спикері Владимир Божко Елбасының «Парламент пен үкімет тек қазақ тілінде сөйлеуі тиіс» десе де, тек Ресей тілінде сөйлеп келеді. Тіпті, бір кездері «Мемлекеттік тілде сөйлемеймін!» деп ашық

мәлімдеген болатын. Мемлекет парламентінің вице-спикері Мемлекеттік тілде сөйлемей деген маскара әлемде тек Қазақстанда ғана! Ол аздай қазақ жастарын қалаға кіргізбеуді ұсынған, казактардың атаманын неге біз әспеттеп Мәжілістің үш тізгінінің бірін ұстатып отырмыз? Отар болудан құтылғанымызға отыз жылға жуықтаса да, орманға қарап ұлитындар парламентімізде толып отырса, Тәуелсіздігімізге зор қауіп емес пе?

Өткендегі аталмыш мақаламызда жазғанымызды тағы да қайталаймыз: «Бізден басқа, өзін -өзі сыйлайтын, ұлттық идеологиясы бар, өз тілі, өз ділі бар Тәуелсіз Мемлекеттерде бұрынғы отарлаушы ел идеологиясын насихаттағандар болса, (олай болуы мүмкін емес) әншісімен қоса әкімі, министрі, депутаттары қызметінен ғана емес, елінен аман кетуі неғайбы? Ендеше, біздің билік басқаларды қайда, отарлаушы империялық Коммунистік Кеңес Одағының туын көтеріп, жырғын жырлап жүрген, Тәуелсіз Қазақстанның Парламенттік депутаттық төсбелгісін Кеңестік комсомолдың төсбелгісіне айырбастағандарды сол соңғы төсбелгілерімен қалдырып, мандатынан айыруы керек!»

Бұл ұсынысты халықтың көбісі қолдауда. Нұргелді Әбдіғани, Заңғар Кәрімхан секілді коммунистік комсомолдық идеологиямен уланбаған Алашшыл жастар жаппай қолдап жатыр. Ал ғалым Омар Жәлел «Әкемізді өлтірген Қызыл жүйемен дос болу қай қисынға сыяды?» – деп сұрақты төтесінен қойды. Иә, кезінде ұлтымыздың жартысына дейін қырылып кеткен Кеңес империясының қанды шеруінде алдыңғы сапта болған комсомолды ұлықтау – Тәуелсіздігімізге зор нұқсан екенін түсінуге парламентте отырған Божко бастаған депутаттардың өздерінің саяси сауаттары жетпеуі – аянышты да, қорқынышты жағдай!

Ол үшін талайдан айтып келе жатқанымыздай, «Ештен кеш жақсы» дегендей, **ОТАРСЫЗДАНУ, яғни ДЕКОМУНИЗАЦИЯЛЫҚ саясат жүргізуіміз керек!** Өйткені, арам шөпті тамырымен құртпай, ол жерге егін егу – арамтер болатын бос далбаса екеніне көзіміз анық жетті!

Басқа жол жоқ!

«Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев бірден бұған қарсылығын білдірді:

– Біз қай мемлекетте тұрамыз? Сіздердің естеріңізге салғым келеді – Біз Тәуелсіз Қазақстанда тұрамыз! Біздің күнтізбеде мұндай комсомолдың туған күні мерекесі жоқ. Біз Мәжілістің ресми отырысында отырмыз. Егер біреулер үшін бұл мереке болса, мәжілістің ресми жиынында емес, басқа жерде бір-бірлеріңізді құттықтаңыздар! – деп қайтарып тастады.

Ресейдің «Достық» орденінің иегері, депутат Ахмед Мурадов Божконың алдына түсіп алып шауып, Азат Тұрлыбекұлына «сіздің осы сөзді айтып отырғаныңыз сол комсомолдық шындалудың арқасы» деп соқты. Ал Азат Перуашев жұмыс ережесі бойынша дәл сол кезде жауап бере алмағанмен, кейін өзіне жолығып:

«Маған мінезді бір Алла берген және ата-анамның тәрбиесінің арқасы! Бұған «комсомолдық шындалудың» ешқандай қатысы жоқ. Мен ешуақытта комсомол белсендісі болған жоқпын. Сондықтан, сіздің сәлеміңіз адресінен адасып кетті. Мен сізді Қазақстанның патриоты екен деп ойлап жүрсем, Ресейдің отаршыл саясатының сойылын соғушы екенсіз ғой...» деп, тойтарыс берді.

Хош, сонымен Кеңестік лениндік комсомолдың 100 жылдығымен құттықтау парламентке де жетті. Өткен аптадағы Алматыдағы Абай атындағы опера және балет сарайындағы комсомолдың 100 жылдық ұлықтау тойын ұйымдастырғандар мен қатысқандарды әлеуметтік желі әлі сынап жатыр. Біз де «Қазақ үні» газеті мен сайтында **«БІЗ ТӘУЕЛСІЗДІКТІ КІМДЕРДЕН**



Дүбірге қосылмайтын едік. Дағдымызда жоқ. Өмірі ұжымдық ашық хатқа зиялы қауым қатарында қол қоймаппыз. Айтқымыз келгенді біреуге жазғызбай, өзіміз жеткізе алатындықтан. Себебі – қалам қолда, журналиспіз.

«Қолтырауын» сөзіне қауіп төнгенде сонау сексенінші жылдары екі газетте осылай жазғанымызды айтып, қорғап қалдық. Латын жазуының бастапқы нұсқасында «ә» мен «ө» сынды қаріптер екі таңбаны қосып жазу арқылы белгіленгенде қарсы мақаламыз газетке шықты. «Баян сұлу» деген сериал жалғыз дастанды ғана емес, бүкіл ұлттық болмысымызды мансұқ еткенде ешбір ашық хатқа қол қоймай, жеке-дара пікірімізді білдірдік.

Енді қоғамда комсомолдың 100 жылдығы төңірегінде дау туындағанда миығымыздан күліп қойғанбыз. Біраз жәйтті сезсек те бастапқыда үндемедік. Атақты жазушы Мұхтар Мағауин «Кесік бас – тірі тұлы» хикаясында алдымен бұл оқиғаның өзіне қатысы жоқ деп ойлап, соңынан тікелей қатысы барын, өзінің жан-жүйкесі арқылы өтетінін сезінгенін жазады. Біз де біртіндеп сондай күйге түстік.

Алдымен Алматы мен

Алғашқы съезі 1918 жылы қазан айының 29-ы күні небәрі 176 адамның қатысуымен өткенде, арасында бір де бір қазақ болмаған. 1991 жылдың күзінде ең соңғы XXII съезінде «БЛКЖО-ның саяси рөлі сарқылды деп саналсын» деген қаулы қабылдап, өзін-өзі таратты. Сосын бір жыл дүние-мүлкін бөліске салғанда комиссияның төрағасы болып Батыс Қазақстанның тумасы Я.Чудров жүрді. Үш жылдай бұрын Яхиямен кездескенде сол



КОМСОМОЛДЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН АТАП ӨТУГЕ ТАТЫМАЙТЫН ДАТА

Семейдегі жиынның фотосын көрдік. Баяғыда ұмыт болған комсомол белгісінің үстіне «Рухани жаңғыру» таңбасын қойғанына таңдандық. Сосын бейресми көздерден, яғни, әлеуметтік желіде «комсомолдың тойы «Рухани жаңғыру» шараларының тізіміне кіріпті» дегенді оқыдық. Нанбадық. Нанбаймыз да.

Біз Мемлекет басшысының бұл мақаласымен бір кісідей таныспыз. Онда комсомол тұрмақ, оның көкесі коммунисте мынадай дәл баға берілген: «Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмесе кетті». Елбасымыз «күйреді» деп тұр. Және «радикалды», яғни асыра сілтейтін бағыт екенін тап басып бағалаған. Ал сол коммунизм идеологиясын кезінде ту етіп көтеріп жүргеннің бірі комсомол ұйымы емес пе еді?

Токтай тұрыңыз, ту дегеннен шығады, Мемлекет басшысы атап өткендей, күйреген үш идеологияның бірінің қызыл туын Алматыдағы Опера және балет театрындағы жиында біздің әскердің қолына ұстатқаны үшін біреу жауап берер ме екен? Қазақстанның, оның армиясының мерекесіне қатысы жоқ орай басқосуларда мемлекеттік рәмізге жатпайтын ту көтерген солдат шығара берсек, онда Отан қорғаушыларда қадір-қасиет қала ма?

Бұл комсомолдың тарихынан хабардар адамбыз. Республикалық ұйымының Орталық Комитетінің органы болған «Лениншіл жас» газетінде көп жыл қызмет еттік. Анау жиында жүргеннің біразын сол кезден танимыз.

кездің оқиғаларын сұрағанбыз. Ол – басқа тақырып.

Сонымен комсомол өткен ғасырда пайда болды және жоғалды. Бұл дәуір Мемлекет басшысының «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» атты мақаласында қалай сипатталады, соған көз жүгіртелік: «Өткен XX ғасыр халқымыз үшін кәсіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды.

Біріншіден, ұлттық дамудың ықпалы заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды.

Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды».

Осындай бізге жат қоғамдық құрылымды енгізгеннің ортасында ең белсендісі комсомол болған жоқ па? Мысал көп. Үйленіп жатқандарды көптің, оның ішінде ата-анасының алдында сүйістіру. Немесе Сәкен Жүнісовтың «Жапандағы жалғыз үй» романынан мысал келтірейік: «— Ал, кәне, осы үйдің мал-басының амандығы үшін тартып жіберейік!- Манадан бері өзіне серік таба алмай екі беті нартай қызарып жалғыз ішіп отырған Клейманов қырлы стаканды Диканың қолына ұстата берді». Үзінді түсінікті шығар.

Айтпақшы, осы романы Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығына ұсынылғанмен, Сәкен Жүнісовке ол марапат бұйырмаған. «Жағымсыз кейіпкері жағымды кейіпкерден күшті сомдалапты» деген сылтаумен. Қайран қаламгер ұлттық рухты тосыннан пайда болған жат идеологиядан биік қойыпты.

Комсомол сыйлығын алмағаны өкінішті емес, халқының кәдесіне жарайтын туынды қалдырғаны қуанышты.

Сонымен біздің топшылауымызша, 1991 жылы өзін-өзі тарқатқан ВЛКСМ-ның (оны газетте БЛКЖО деп жазатынбыз) 100 жылдығы – тәуелсіз Қазақстан үшін атап өтуге татымайтын дата. Жастығын қимағандар, бір кездегі комсомолдық достығын сақтағандар болса қаланың қақ ортасындағы театрда баяндама жасамай, сарбаздарға қызыл ту көтертпей, оңашада қанша тойласа да ерікті еді.

Жоқ, театрдағы жиынға қанағаттанбаса керек, тура 29-қарашада парламентте оны «мереке» деушілер және «әріптестерін» құттықтаушылар туралы келесі ақпаратты оқыдық, сосын бейнежазбадан көзбен көріп, құлақпен естідік. Дәл осы оқиға ақыры қолға қалам алғызды.

Рас, Президенттің мақаласында жазылғандай, «қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылғанын» айтып, бұл күнді мереке деуге қарсы шыққан бір азамат Мәжіліс депутаттары арасынан табылыпты. Тәубе. Азат Перуашев: «Біз тәуелсіз Қазақстанда өмір сүреміз. Күнтізбемізде мұндай мереке жоқ. Егер әлдекімізге бұл жеке мереке болса, онда бір-бірін ресми жиналыста емес, оңаша жерде құттықтасын» деп желпінген әріптестерін тойтарып тастапты.

Негізі осы тоқетер сөзді басқа депутат айтқан шығар деп топшылағанбыз. Перуашев болса Ресейдің ең өндірісті, комсомолы көп қаласында оқыған еді. Әрі кезінде Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің марапатын алған. Ал біз бірдене дер деп күткен депутат жас кезінен Мұхтар Мағауин архивтер мен кітапханалардың қоймаларынан тапқан жыраулардың жалынды



**Нағашыбай ЕСМЫРЗА:
КОМСОМОЛ
ҚАТАРЫНДА
БОЛҒАНЫМ
ҮШІН, АЛАШ
ӘРУАҚТАРЫНАН
КЕШІРІМ
СҰРАЙМЫН!**

Мәселе комсомолдың 100 жылдығын тойлағанда, тойламағанда емес. Мәселе сондай ұйымның біздің елімізде болғанына, сол оңбаған ұйымға мүше болғанымызға ӨКІНІШ (покаяние) білдіре білуде.

Мен де білместіктен 14 жыл қатарынан сол қанқұйлы ұйымның мүшесі болдым. Соған қатты өкінішімді білдіремін. Өйткені, олар бізді теріс оқытты. Тарихтан Алаш арыстарының аттарын сызып тастап, атауға да тыйым салды. Ауқатты қазақтардың мал-мүліктерін тәркілеуге ат салысты. Қазақты ұжымшарға күштеп тығуға, сөйтіп асыл халқымның жартысына жуығының жер бетінен жойылып кетуіне белсене тұрып кірісті.

Ұлтымыздың қаймағын сыпырып тастаған саяси қуғын-сүргіннің басы-қасында жүрді. Құдайға да қажеті жоқ соғысқа қазақтың жастарын айдап салды.

Тың жерді игеру деген сылтаумен қазақтың мал жаюға таптырмас шүйгін жерін жыртып тастаған кезде де сол комсомолар белсенділік көрсетіп жүрді.

Ең ақыры, мектеп бітірген түлектерді «Жастар бригадасы» деген сылтаумен қойдың сонына көгендеп қойғылары да келді...

Айта берсен, қылмыстары шаш-етектен...

Сондықтан да мен комсомолды жек көремін. Сол ұйымның қатарында болғаным ӨКІНІШІМДІ білдіремін. Алаш әруақтары алдында кешірім сұраймын.

facebook парақшасынан

жырларын мақамдаумен танылған. Қисын бойынша сол суырылып шығып, комсомол күнімен құттықтаушыларға тоқтау салуы тиіс еді. Жоқ.

Әлгі Мұхтар Мағауиннің «Көкбалақ» атты шағын романы бар. Токсаба күйші өмірден өтер уақыты жақындағанын сезгенде өзі білетін күйлерді біреуге үйретіп кетпек. Таңдау екі немересінің арасында домбыраға үйір, көзге түскіш, елгезегіне түседі. Бар күйді оған күні-түні тартып береді. Анау қайталауға тырысады. Бірақ көкейге қонбайды. Сөйтіп карт күйші түңіліп жатқанда елеусіз екінші немересі Нәріктің атасы бір рет тартқан күйді ыңылдап отырғанын көріп онсызда қымбат уақытты текке жібергенін сезеді. Енді дереу Нәрікке үйретеді. Біз де осы Токсаба шалдың кебін бастан кешкендейміз. Түсінгенге.

Не керек комсомолдың тойын тойлау қоғамды тағы қақ жарды. Ертеңгі күннен үміті барлар кешегіге емексігісі келмейтінін ашық байқатты. Бұл топ ел

тұрғындарының жасы елуге жетпеген үлкен бөлігін құрайды. Сосын баспасөз бетінде, әлеуметтік желіде комсомол тойына қатысты аяусыз сын айтып отырғандар негізінен қазақ тілді екенін байқадық. Өткір пікірден хабарсыз депутаттар арандап қалғаны анық. Ойланатын мәселе. Олар үшін.

Ақыр аяғында мақаланың басына, тақырыбына оралайық. Бала кезімізде ауылда анамыз айран ұйытатын. Сондай тәтті, тіл үйретін. Негізгі сусынымыз – сол. Күні бойы үйге айналып соғып, соны ішеміз. Егер айран шілденің ыстығында бірнеше күн тұрып қалса, божып кететін. Көбігі шыртылдап, ашыған иісі жер-көкті алып, бетіне шыбын қонып, ішуге жарамсыз болатын. Енді оны іркітке қосып қайнатпаса кәдеге жармайтын. Комсомолдың 100 жылдығын мереке дегендердің ой-ниеті сол божығанды еске салады.


Қайнар ОЛЖАЙ
«Қазақ үні»

Қазақстан Жазушылар одағының мәжіліс залында классик жазушы Тәкен Әлімқұловтың 100 жылдық мерейтойына арналған ауқымды әдеби шара болып өтті. Қарымды қаламгер кешіне ақын-жазушылар, ғалымдар, Тәкен Әлімқұловтың жерлестері – Түркістан облысы Созақ ауданы әкімі Салыхан Полатов, Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінің директоры Берік Тұрғанбаев бастаған бір топ өнер иелері, жазушының жары Есімгүл Болысбайқызы, ұлы – Рауан, қызы – Алма, БАҚ өкілдері, қазақ әдебиетін қастерлейтін қауым қатысты. Тартымды өткен әдеби кешті Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, филология ғылымдарының докторы, белгілі ақын Бауыржан Жақып жүргізіп отырды.



БАБААТАДАН БАСТАЛҒАН ӨШШЕС ӨМІР

(Дарынды қаламгер Тәкен Әлімқұловтың жүз жылдығына орай)



Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, шығармашылықтың шыңына шығаратын ешкімге ұқсасмас дара жолды таңдаған Тәкен Әлімқұловтың соңына қалдырған еңбектері мен ғұмыры жайында әдебиеттанушы ғалым, профессор Жанқара Дәдебаев терең де мағыналы баяндама жасап, жиналғандарды жазушының көпшілік біле бермейтін жаңа қырларына көз жүгіртті. Суреткердің шығармаларының басым бөлігі туған жерге, оның тарихына арналғанын баса айтқан баяндамашы қаламгердің осы еңбектерін еліне қалдырған ескірмес ескерткішке балады. Ол рас, өлмейтін сөз қалдырған жазушысын елі де есінен шығармақ емес.

Бір кеште, шараға берілген санаулы уақытта Тәкен Әлімқұлов туралы айтып тауысу мүмкін емес. Жазушы жайында жылы лебіздерін білдірем деушілер көп болды. Ақын-жазушылар Сейфолла Оспанов, Аян Нысаналин, Рафаэль Ниязбек, Аманхан Әлім, Өтеш Қырғызбаевтар сахна төрінен өз естеліктерін айтып, талантты жазушының шығармаларының ерекшеліктеріне тоқталды. Белгілі ақын Рафаэль Ниязбек Тәкен ағасына арналған өлеңін оқып берді. «Қазақ әдебиеті» газетінің Т.Әлімқұловқа арналған санында жарық көргенмен өзінің аты-жөнін жазбағанын, «Тәкендей тұлғамен атымды жарыстырмайын деп есептедім» деп ағынан жарылды. Өлең осы кешке жиналған әдебиет сүйер қауымның ортақ ойын білдіретіндіктен, біздің «Қазақ үні» оқырмандарының да назарына толықтай ұсынғанды жөн көрдік.

СУРЕТКЕР

Дүниені айырып келбетінен,
Рухтар көшіп жатыр жер бетінен.
Кісі деген бірге еріп кетеді ме,
Шыңыраудан сыр тартып шерте білген.

Кітап жазып ұсынған сыйлы еліне,
Аға, қалам ұстаған киелі ме?
Әуезовтен кейінгі тау тұлғалы,
Суреткер ең сөз сінген сүйегіне.

Өжет жандар ер салса күреңіне,
Сірә, жетпей тынбаған тілегіне.
Әуезовтен кейінгі суреткер ең,
Тәңір өзі сөз жазған жүрегіне.

Бір жұлдызды бетке алып тұрған жанып,
Жол үстінде жетілдің тұлғаланып.
Ұлы Абайдың жұмбағын шештің қалай,
Ешкім шеше алмаған мың толғанып.

Сондай заңғар биіктен сені көріп,
Буырқанып жыр жазам тебіреніп.
Неге екенін, кім білсін, сен жок жерде,
Біреулердің қалатын жері кеңіп.

Найзағайдың көзінде оты өріліп,
Болашаққа жол тарттың төте жүріп.
Сен жок жерде қысық көз біреулердің,
Қалушы еді еңсесі көтеріліп.

Жасыл желек жамылып, торғынданып,
Бір төбеде жатырсың мол қымтанып.
Сен аттанып кетсең де, ағып жатыр,
Сенен қалған ұлы өзен толқынданып.

Өмір кешіп жүрген соң белең-белде,
Күдіреттің бәріне сенім мен де.
Махамбет өлген күні ай тұтылса,
Күн тұтылған, жан аға, сен өлгенде.

Қазақ әдебиетінің көгінде күн сөнбейді. Оның ірі өкілі өмірден өткенде күн тұтылды деу артық емес, тіпті жарасымды да... Кештен соң қаламгер рухына құран бағышталып, мейрамханада ас берілді. Бұл Тәкен

Әлімқұлов мерейтойының басы ғана, енді туған жері Теріскейдің төрінде жалғасын таппақшы.

Ер қанаты – тұлпардың сыны мен казакқа ғана тән күй атты киелі саздың сыры мен табиғатын терең түсінетін Тәкен Әлімқұлов жалпы өнер тарихын жете білген. Содан да болар Қорқыт атадан бастап, Сүгір, Тәттімбет, Махамбет, Сәкен секілді көптеген қазақтың кесек тұлғалары жайында жазып, келер ұрпаққа барынша жеткізіп кеткен төл әдебиетіміздің тарихындағы бірден-бір жазушы. Оның шығармаларынан тұлпардың тұяғының дүбірі, кобыздың сарыны мен домбыраның қоңыр үні үнемі естіліп тұрады. Дархан дала мен қарт Қаратаудың бейнесі көз алдында көлбендейді...

Тәкен Әлімқұловтың романдары, хикаяттары мен әңгімелерін айтпаған күннің өзінде, поэзиясы мен сыны еңбектері өз алдына бір төбе. Сын жайында «Әдеби сын, оның ішінде поэзия сыны, ең алдымен өзі шығарма болуы шарт, тұлғасы сымбатты, оқушыға эстетикалық ләззат берерлік, оның ой-қиялын оятып, санасын марқайтарлық пікір мен сезімге мейілінше толы шығарма болуы шарт. Адамның білімі молайып, ой-өрісі кенейіп, талғамы тереңдеген сайын сыншылдық көзқарасы арта түседі» десе, Абай туралы сүбелі зерттеу еңбегі жайында өзі былай деген екен: «Абай Шыңғыстауда өссе, мен бір қияндағы Қаратауда ақындардың ішінен Абайдың есімін бірінші естідім. Қара танымайтын сәби шақта құлаққа кіріп, көкейге қонған – Абайдың нақыл өлеңдері. Сауатқа шала балалық кезеңде, Абайдың «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойласы» білікті біреудің айтуынан жат болған-ды. Бір отырыста, бір айтылғаннан машық боп қалған-ды. Енді сол өлең осы кітаптың есіміне жүріп отыр. О баста күндердің күнінде ұлы Абай турасында кітап жазамын деген ой басқа келмеген?! Өмір шіркін осылай екен!..» Ал өлең хакында «Поэзияның ғұмырлы қасиеті – сезім мен ой пікірдің тұтастығында. Дарын қаншама биік болса, сезім соншама терең келмек» деп

ӨМІРДЕРЕК

Ақын, жазушы, әдебиет сыншысы **Тәкен Әлімқұлов** (22.11.1918-13.4.1987ж.) Түркістан облысы Созақ ауданы **Бабаата** ауылында дүниеге келген. Мәскеудегі Әдебиет институтын бітірген (1953). 1936-1945 жылдары Шымкент қорғасын зауытында, Донецк облысында жұмыс істеді. 1945-1974 жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жауапты хатшы, Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде бөлім меңгерушісі, КСРО және Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші қызметтерін атқарды. 1974 жылдан өмірінің соңына дейін шығармашылық жұмыспен айналысты. Шығармалары 1945 жылдан жариялана бастады. Алғашқы өлеңдер жинағы «Сапар» 1950 жылы жарық көрді. «Жазғы еңбектері», «Туған ауылда» (1968), «Боз жорға» (1969), «Күрең өзен» (1971), «Кертөлғау» (1973, 1990), «Шежірелі Сахара» (1976), «Көкек айы» (1982) атты әңгімелер мен повестер жинағы, «Ақ боз ат» (1962, орыс тілінде 1968), «Тұлпардың тағдыры» (1975), «Ел мен жер» (1978), «Замана екпіні» (1982) романдары шықты. Жазушы шығармаларының негізгі тақырыбы ауыл тіршілігі, адам тағдыры, өнер қайраткерлерінің өмірі. Абай Құнанбаев туралы «Жұмбақ жан» (1978) атты көлемді зерттеу еңбегін жазды. «Өткен мен қазіргі» (1958), «Көк қаршыға» (1972), «Бар өмір алда» (1974), «Сырлы наз» (1984) кітаптары орыс тілінде жарық көрді. М.Ю. Лермонтовтың «Измаил бей» поэмасын (1951), П.Павленконың «Бақыт» (1950), Г. Николаеваның «Орақ үстінде» (1952) романдарын, Э.Сент-Экзюперидің «Кішкентай шаһзада» ертегісін, сондай-ақ А.С. Пушкиннің, В.В. Маяковскийдің, Г.Низамидің өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Халықтар достығы орденімен марапатталған.

пайымдаған. Жалпы жазушылық жайында «Қаламгер атаулы, оның ішінде жазушы – халықтың ортақ ұлы, суреткер ұлт тілін түгел тексеріп, жіті екшейді. Өзге адам байқамаған, байыптамаған қазынаны аршып, қалың көпшіліктің кәдесіне асырады. Жансызға – жан, топасқа түйсік бітіреді» деп түйіндеген. («Қазақ әдебиеті» газеті, №42, 2018 ж.) Бұл нені көрсетеді? Қаламгер сыңға сергек қарап, өлеңді бәрінен биік бағалап, Абайды пір тұтқанын білдірмей ме?! Әдетте замандастары жазуға шебер болғанмен сөйлер сөзге сарандау Тәкен Әлімқұловты сырттай «жұмбақ жан» десе, енді міне сол жұмбақ жан Абайдың астарлы жұмбағының шешімін табу үшін талмай ізденгенін байқаймыз.

Қай жағынан алсақ та, адам баласы бұл фәниге келген жолаушы іспетті. Өзіне берілген қамшының сабындай қысқа ғана өмір жолын әркім өзінше жүріп өтеді. Көпшілігіміз шаны шыққан жаттанды жолды шиырласақ, біреулердің жолы бұралаң, бұралаң болса да өзіне ғана тән із қалдырады. Ешкімге ұқсасмайтын мінезімен, бөлек болмысымен, дара дарынымен сонынан ерекше, өшпестей соқпақ салатын саңылақтар сирек кездеседі. Әдебиет атты киелі әлемде қара үзген тұлпардай жалпыдан жырақ кетіп, казактың қоңыр күйі болып күңіренген Тәкен Әлімқұловтың мол мұрасы келер ұрпақтың баға жетпес байлығы болып қала берері сөзсіз. Ия, Бабаатадан басталған ғибратты ғұмыр өз шеруін жалғастыруда...

ШАРҒЫҚТАЙ БЕР,

Ауқымды шарадан көріп-білгенімізді, алған әсер, көкірекке түйген ой-пікірімізді қаз-қалпында баяндап отырмыз.

Халықаралық фестивальдің өтетіні туралы алыс-жақынға сауын айтылып, хабар таралғаннан-ақ, ерекше думанды тамашалауға асықтық. Басталатын күні таң атысымен таныс іздеп, көлік күтіп уақыт ұстамай, айтулы шараның өтетін алаңына таксилетіп жеттік.

ҚЫЗЫЛДЫҢ ЕТЕГІНДЕ, ТЕҢІЗДІҢ ЖАҒАСЫНДА ӨТКЕН ДУМАН

Қызылқұмның қиясы мен жалдары алдымыздан құшағын жайып, теңіздің жағасы ерке самалымен қарсы алды. Жағасында жарқылдап, жарқын қақтық. Туған жердің әр күні жаныңа ыстық, жарқын ғой, бірақ бүгін ерекше құлпырып, ұзатылатын сұлудай сыланып кетіпті. Әсіресе, алтын шуақтарға көмілген айнадай аппақ айдыңның майда толқындары сылқ-сылқ күліп, кемерді жағалап, жарды сүйіп, тіл жетпес бұла қылық танытып, әдемі әуен, әсем сыр шашады. Жарасымды-ақ! Асығып жолға шыққан қонақтарға құрметі мен қошаметі сияқты. Беліміз бесіктен шыққаннан суын кешіп, құмын кесіп өскен өз топырағымыздың қазіргі ғажайып тұлғасына, ынтық ықыласына таңырқап әрі риза болып тұрмыз.

Сәт сайын ағылған халықты көріп қызығасың. Бірін-бірі құттықтап, құшақ жая амандасып, мәре-сәре. Күзет те осында, ізет те осында. Ізет демекші, қарсы беттен келіп, қасымызға тоқтаған көлемді көліктен халқымызға қаламымен, батыл пікірлерімен танылып, еңбегімен ел құрметіне бөленіп жүрген, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, Халықаралық Есенин атындағы сыйлық – «Алтын күз» орденінің иегері, республикалық «Қазақ үні» газетінің президенті, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, шардаралық бауырымыз Қазыбек Иса түсіп:

– Ұстазымыздың жолын кесіп кеткеніміз жарамас, аттан түсіп, амандасқанымыз жөн болар! – деп сыпайы күліп келіп, қос қолын ұсынып, кең құшағын жайды. Лезде қоршап алған көпшілік атпал азаматтың сыпайы мінезі мен көргенді қызметіне алғыс айтып, риза болысып жатыр. Несін жасырамыз, мектепте сабақ пен тәрбие берген, арман сапарына қолымыздан ұшырған сүйікті шәкіртіміздің ізетін көріп, бір сәт қобалжып та қалдық. Қазыбекті айналасындағылар Қазыбек бише аялап, қолдан қолға тигізбей, лезде жоғарыға әкетті. Несі бар, жерлестері болар ұлдың белін буып, құрметтеп, ардақтап жатса, ұстазға одан артық мәртебе бар ма?! Жолың болсын, Қазыбек, әрдайым қазағыңның алақанында жүр!

Қаз-қатар тігілген алып күмбездей зәулім, ақ шаңқан киіз үйлер де дархан даланың ажарын ашып, кеңқолтық қазақтың кіршіксіз пейіліндей көз тартады. Өңірдегі әр ауданның өнерпаздарымен, қол өнері

шеберлерімен, мемлекеттік қызмет өкілдерімен жатсынбай әп-сәтте араласып кеттік. Олар туризмді дамыту осы саланың жемісін арттыру, өнер мен көркемөнерді, ұлттық спорттың түрлерін жақсарту бағытына арналған іс-шаралармен таныстырып жатыр. Жерлесіміз, жас кезінде Бейсенбек Бибосыновтан сабақ алған Күлзипа Шорабекованы көріп, шұқыраса қалдық. Халықтың «Балапан қаз» әнін шебер орындау арқылы көпшілікке балапан шағынан танылған әнші қызымыз қазір Алғабас ауданындағы Мәдениет үйінде қызмет етеді екен. Төркін жұртына жолы түскеніне қуанулы.

– Шардара керемет өзгеріп кетіпті! – дейді перзенттік сүйіспеншілікпен. Өн мен өнер жолында табыс пен абырой, отбасына бақыт тілеп қимай қоштастық Күлзипамен.

Теңіз бетіндегі ақ желкендер олардың толқындармен алысып көрсеткен өнерлері айрықша әсерге бөледі. Көрмеге қойылған шеберлердің бұйымдары, ауылшаруашылығы өнімдері таллайды таң қалдырды. Әсіресе, жүзім шоғынан түйілген пирамида жұрттың назарын ерекше тартты. Оның саясында суретке түсушілер көп болды. Жарысқа дайындалған қос өркешті ақ нарлар мен қоңыр түсті үлектер көптен бері көзге түспеген соң айналасының қызығына айналды.

Ауыздығымен алысқан арғымақтар да арқаңызды қоздырады. Бір кезде бүркітшілер шықты ортаға. Елдің көзі әйгілі Айшолпанда. Ол – мұхиттың арғы бетіндегі Американы саятшылық өнерімен қайран қалдырған қазақ қызы. Жұдырықтай қыздың қазаки жүзі, әдепті қимылы, қанға сіңген сабырлылығы сүйсінтті. Туған ұлтының ортасына, атамекенінің ыстық топырағына, жусанды беліне, суының бойына табанының тиіп, құрметіне бөленгеніне дән риза екені балбұл жанған жүзінен айтпай сезіледі.

Бұрын-соңды болмаған фестивальді облыс әкімі Жансейіт Түймебаев ашып, қатысушылар мен қонақтарды құттықтады. Облыс әкімі халықаралық фестивалдің мәні мен маңызына қысқаша тоқталды. Осындай ауқымды шараларды алдағы жылдары да жалғастыруды дәстүрге айналдыру қажет екенін айтты.

Мұнан кейін түйелер мен ат жарысы басталып, теңіз жағасы айқай мен кикүге көмілді.

Мотожарыстар мен қуатты көліктердің қалың құмда құй-



ғытқан мәнері мен жылдам қимылдары көрермендерін тәнті етті. Облыс әкімінің аудандағы спорт жеңімпаздарына тапсырған сыйлықтарын көпшілік орынды деп тапты. Қолдап, қол соқты. Әйгілі өнерпаздар мен жергілікті әншілердің салған әні мен биі, тартқан күйлері таңдай қақтырды.

Қысқасы, бұл күні өткен тамашаның барлығын шағын жазбада айтып жеткізу қиын. Айтпақшы, ұмытып барамыз, көркемөнер иелерінің байқауын тамашалап жүріп, бір бұрыштағы кішкентай суретшінің ықыласы мен ынтықсына қайран қалдық. Аты-жөнін сұрап, танысқымыз келгенімен, оның ойын бұзып, уақытын ұстауды дұрыс көрмедік. Байқатпай, сырт еткізіп, телефонмен суретке түсіріп алдық. Егер, баспасөзге, желілерге жас суретшінің бейнесі жарияланып жатса, оның болашағына атаған жақсы жоралғымыз, ақ жолтай тілегіміз деп қабылданыңдар.

Иә, көптен күткен халықаралық фестиваль де аяқталды. Күзіміз қарасып, жүзіміз жарасып үлкен думанды шығарып салдық. «Тас түскен жеріне ауыр» демекші, аталмыш іске өңірдің барлық азаматтары атсалысты дегенмен, шардаралықтар ұйымшылдық пен бірліктің, қонақжайлылықтың үлгісін көрсеткеніне көзіміз жетті.

Бұрын-соңды болмаған думанның ұйытқысына айналған азаматтың бірі, әйгілі спортшы бауырымыз Арман Қарсыбаевпен айтулы шараның арасында тосын жолығып қалып, табыс тіледік. Көпті көрген, талай-талай додаға қатысып, топ жарған, ауылдың ғана емес, қазақтың атын шығарып жүрген айбынды азамат:

– Көке, алаңдамаңыз, бәрі дұрыс болады, әлі мұндай шараның талайын ұйымдастырамыз, – деп көңілімізді көтеріп, ағынан ақтарылды.

Біз де Арманның арманына қосыламыз. Шардарамыз шаттық пен берекенің мекеніне айналсын, ағайын! Мәңгілік елдің гүлденуі мен жаңғыруына жүрегіміз бен жігерімізді, тілегімізді қатар жұмсайық.

Нұрғали ИБРАЙЫМ

ШЕТ ЕЛ САЯХАТШЫЛАРЫ ШАРДАРАҒА АҒЫЛАДЫ

Түркістан облысының әкімі
Жансейіт Түймебаевтың лебізі

Құрметті қонақтар мен Шардара ауданының тұрғындары!

Сіздерді облыстың туристік әлеуетін арттыру мақсатында ұйымдастырылып отырған «Safari Shardara» фестивалінің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ел дамуының даңғыл жолын айқындап берген «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында туризмді дамытуға айрықша назар аударғаны бейн мәдени әлеуетімізді пайдалану үшін сырттан келетін және ішкі туризмді дамытуға ерекше көңіл бөлу қажет» деп Елбасымыз атап өткендей, болашақта Қазақстанда туризм өңірлік ғана емес, жаһандық сипат алуы керек. Ол үшін, яғни, еліміздегі туризмнің өркендеуі үшін тарихи және туристік орындарымызды лайықты дамыта білсек, мемлекеттік бюджет толығып, әлеуметтің әлауқаты көтеріледі.

«Safari Shardara» фестивалі Қызылдың құмы мен Шардара су қоймасының жағалауы өңірімізде туризмді дамытуға мол мүмкіндік бар екенін көрші елдерге де на-

сихаттайтын шара болмақ.

Фестивальдің мақсаты – өңірдің туризм әлеуетін көпшілікке таныту екенін айттық. Біз осы іс-шара арқылы шағалалы Шардарада желкенді қайық спорты мен ат пен түйе жарыс, құсбегілік сынды ұлттық спорт түрлері мен өзге де ата кәсіптерімізді жаңғыртуды көздеп отырмыз. Бұл – өңіріміздің бизнес ахуалын жақсартуға және Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасында айтылған туған жерге тағзым етумен қабысып тұр.

Біз Түлкібаста «Қызғалдақ», Бәйдібекте «Қымызмұрындық», Жетісайда «Қауынфест» фестивалдарын ұйымдастырдық. Ауқымды іс-шаралар арқылы ауданның болашағы үшін маңызды брендтерін елге әйгілі студия мақсат тұттық. Биыл игі бастамаларды бастап бердік, енді іскер жігіттер, жергілікті кәсіпкерлер, ауданның атпал азаматтары осы ойларды жалғастырып әкетіп, ары қарай дәстүрлі шараға айналдыруы тиіс.

Шардара – тарихи өрі шежірелі мекен. Ғалымдардың пайымдауынша, аудан орталығы Шардара қаласының атауы парсы тілінен аударғанда «төрт қақпа» деген ұғымды білдіреді екен. Яғни, ертеде бұл жер тоғыз жолдың торабы керуен жолдарының

ШАРДАРА!

Халықаралық «Сафари-Шардара» фестивалінен репортаж

ШАРДАРАДА «SAFARI SHARDARA - 2018» ШАРАСЫН ӨТКІЗУ - ЗОР ҚОЛДАУҒА ЛАЙЫҚ

Түркістан облысы
Шардара ауданы әкімі
Болатбек ҚЫСТАУОВ мырзаға

Қадірлі Болатбек Дүйсенбекұлы!

Қасиетті Түркістан атын иеленген облыстағы шежірелі Шардара ауданы елімізге белгілі ерекше табиғатты өңір. Тарихы мен мәдениеті, өркениеті мен дамуы қатар ұштасқан киелі де шежірелі мекен. Ерекше табиғаты бар бір ауданда әйгілі қызыр конған Қызылқұм, сыры терең Сырдария, Шардара даласы мен шағалалы теңізі әдемі үйлесіп жатуы – Алланың тамаша тартуы деп білу керек.

Осындай керемет өңірде елімізде

тұңғыш рет өтіп жатқан «SAFARI SHARDARA – 2018» фестивалінің өтуімен құттықтаймын. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың кезекті Жолдауында спортты дамыту үшін нақты тапсырмалар бергені мәлім. Сонымен қатар ел туризмін дамытуға баса назар аударып келе жатқаны да белгілі. Сондықтан, Шардара ауданының туризм мен спорт саласын қатар қамтыған және ұлттық спортымызбен, саятшылық өнерімізді дамытуға арналған осындай ел назарын аударатын дүбірлі шара өткізіп жатуы – зор қолдауға лайық деп білеміз.

Бұндай спорттық жарыстар бір реттік қана емес, жыл сайын өткізіліп тұрса,

бұның ел үшін де, жер үшін де маңызы зор болар еді. «Ақ жол» партиясы еліміздегі осындай туризмдік – спорттық бағыттағы шараларды бұрыннан қолдап-қуаттап келе жатқанын жақсы білесіздер деп ойлаймын.

«SAFARI SHARDARA – 2018» фестивалі қанатын кеңге жайып, халықаралық деңгейге көтеріле береді деп сенеміз.

Дүбірлі бәйгеге қатысып жатқан дүлдүлдер жеңіске жете берсін деп, Ақ жол тілейміз!

Құрметпен, Азат ПЕРУАШЕВ,
«Ақ жол» партиясы төрағасы,
Мәжіліс депутаты



ШАРДАРА ШАРТАРАПҚА ТАНЫЛУДА

Нағыз туризмнің өрісі мен жемісі ретінде дамытатын өңір – Шардара!

Шағылы мен шағалалы шалқыған теңізі жарасқан, сыры терең сұлу Сыры мен қызыр аралаған Қызылқұмы қатар жатқан, сағым ойнаған сақара сайын даласы бар – Шардара өңіріндей тартымды табиғаттар табысуының әдемі үйлесімі әлемде басқа еш жерде кездесе қоймайтын шығар...

Осы Шардарада 26 қазанда елімізде тұңғыш рет «SAFARI SHARDARA» халықаралық фестивалі болды. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілетін фестивальде автокөліктердің құмдағы жарысы мен композициялық «Rock racing» шоуы ұйымдастырылды. Шудалары желкілдеген түйелердің теңіз жағалауының шағылын аспанға атқан жарысы, ат үстіндегі саятшылардың бүркіт салуы, теңіз бетіндегі ақ желкенді қайықтардың қатар жүзуі, ескек есу мен балық аулау сайысы, жағалау волейболы, қазақша күрес, акробатикалық ойындар, мотобайкерлердің мотокросс өнерін жағалауға сыймай кеткен қалың елдің тамашалауының өзі бір ғанибет. Түркі әлемінің ордасы Түркістаннан шыққан мотобайкерлер еліміздің көк туын желбіретіп, Шардараға келіп кіруінің өзі бір керемет көрініс болды. Ал жол талғамайтын жиптердің 20 шақырымға аламан жарысын айтып жеткізу қиын! Бір жақта қол күресі жүріп жатты. Айтпақшы, қол күресінен әлемдік құрама Шардарада екенін оқырман қауым жақсы білетін болар. Өйткені, Шардарадан 18 әлем чемпионы, 52 Азия чемпионы шыққан! Шардарадағы шараға барлық аудандан өкілдер қатысып, киіз үйлерін тігіп тастады. Түрлі колөнер мен жергілікті өнімдер жәрмеңкесі қатар болып жатты. Әйгілі әнші-сазгер Марат Омаров бастаған өнер жұлдыздары әсем ән мен тәтті күйлерімен, тартымды билерімен елді риза етті.

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевтың айтуынша, биыл әр аудан өз табиғатына лайықты фестивалдар өткізген. Мысалы, осының алдында ғана Жетісай ауданында «Қауынфест» шарасының дәмі әлі таңдайда жүр... «Түлкібаста «Қызғалдақ», Бәйдібекте «Қымызмұрындық» фестивальдарын ұйымдастырдық. Ауқымды іс-шаралар арқылы ауданның болашағы үшін маңызды брендтерін елге әйгілі студия мақсат тұттық. Биыл игі бастамаларды бастап бердік, енді іскер жігіттер, жергілікті кәсіпкерлер, ауданның атпал азаматтары осы ойларды



жалғастырып әкетіп, ары қарай дәстүрлі шараға айналдыруы тиіс» – дейді «аудандар байымай, облыс дамымайды» деген ұстаным ұстанатын облыс басшысы.

Бұдан байқағанымыздай, «Ұйымдастыра білген ұтады» дегендей, іскерлік пен идеологиялық қабілетті қатар ұштастыра білген, руханиятқа қамқор, рухы биік қайраткер Жансейіт Қансейітұлының басшылығымен, қасиетті Түркістанның атын иеленген өлке жаңа қарқынмен жарқырап келеді.

Туризмді және ұлттық спортымыз бен саятшылық өнерімізді дамытуға арналған халықаралық фестивальда облыс әкімі Ж.Түймебаев Моңғолиядан келген әлемге әйгілі болған бүркітші қазақ қызы Айшолпан Нұрғайыпқызына миллион теңге сыйлық тапсырды. Сонымен қатар, Шардара ауданы спорт бөлімі мен әлемнің 9 дүркін чемпионы (5 рет жасөспірімдер арасында, 4 рет ересектер арасында) Нұрдәулет Мырзаханұлы Айдарханға шетелдік темір тұлпар мінгізді.

Қасымыздағы жолбасшы бауырымыз Тұрсан Қабылов Нұрдәулет інісін құттықтап үлгеріпті. «Шынымен ешкімнен жеңіліп көрмегенсің бе?» – деп сұраған екен, Нұрдәулет: «Иә, ешкімнен жеңіліп көрмегенмін. Тек әкеммен қол күрескенде ғана қалай екенін білмеймін, жеңіліп қала беремін» деп жауап беріпті. «Әкесі менің кластасым ғой. Иә, ол да қара күштің иесі болатын» деп, мен де бірден Алматыда ешнәрседен хабарсыз жүрген Мырзахан досыма телефон соғып, Әлем чемпионының әкесін құттықтап қойдым.

Шардара ауданы әкімі Болатбек Қыстауовқа «Ақ жол» партиясы төрағасы,

Мәжіліс депутаты Азат Перуашевтың «Сафари Шардара» халықаралық фестиваліне Ақ жол тілеген құттықтауын тапсырып, елдің сұрауымен «Шардара» жырын оқып бердім.

Халықаралық фестивалге бірнеше елден қонақтар, жарысқа қатысушылар келді. Әсіресе, кеше ғана дүниеден өткен белгілі ғалым, академик Әбдімұса Қуатбеков ағамыз негізін қалаған Шымкенттегі Халықаралық «Достық» университетінің студенттері фестивальдың көркін қыздырды.

Шетелден келгендер Шардараның тамаша табиғатына таңғалып жүрді. Қазақстандықтардың өздерінің кейбіреулері де: «– Бізде де осындай керемет жер бар екен ғой», – деп қояды. Иә, өзім де, өткенде ғана жазда «Алтын жағайда» екі-үш күн болғанда «Шардараның табиғаты Анталиядан артық болмаса, кем емес» деген мақала жазып кеткенмін. Міне, нағыз туризмнің өрісі мен жемісі ретінде дамытатын өңір осы – шалқыған Шардара!

Шардараның туризм ордасы боларлық керемет келбетін көрсететін «SAFARI SHARDARA» халықаралық фестивалі екі жыл сайын өткізілетін болады.

Киелі Түркістан өлкесі түлеп, шағылды да, шағалалы Шардара шартарапқа танылып, шалқып жатыр.

Қызылқұмы құлпырса маң даланың, Шалқып жатқан теңізге таңғаламын. Сафаридің сапары сәтті болып, Аты әлемге танылсын Шардараның!

Қазыбек ИСА

АСТАНА – ШАРДАРА – АСТАНА

түйіскен жері болған. Шардара ауданы потенциалы жоғары, туризмді дамытуға лайықты бірден-бір аймақ.

Шағалалы өңірде туризмді дамыту мақсатында Шардара су қоймасы жағалауындағы орман қоры санатындағы жалпы көлемі 255 гектар жер учаскесі елді мекен санатына ауыстырылды. Енді осы аумаққа инфрақұрылым тарту жұмыстары басталмақ. Бұл мақсат жүзеге асып, ауданға инвестиция тартылғанда 60-тан астам нысан бой көтереді деп жоспарлап отырмыз. Нақтырақ айтсақ, таяу жылдары теңіз жағалауының бойынан 20-дан астам қонақ үйлер, яхт-клуб пен мейрамханалардың, 3 балалар лагері мен аквапарктердің, 2 аншылар және балықшылар үйінің, басқа да қызмет көрсету нысандарының құрылыс жұмыстары басталады. Осы арқылы Шардара Орта Азиядағы туризм орталықтарының біріне айналады.

Қадірлі қауым!

Биыл Түркістан облысы құрылып, ел тарихында елеулі оқиға болғаны өздеріңізге белгілі.

Таяуда Түркістан облысына сапар жасаған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев екі тарихи Жарлыққа қол қойғаны баршаңызға мәлім.

Оның бірі – экономикалық аймаққа қатысты болса, екіншісі – Түркістан қаласын дамытудың кейбір мәселелері туралы Жарлығы болып табылады. Енді қасиетті қалада туризмді кешенді түрде өркендетуге барынша көңіл бөлінеді.

Мұндай шешім облысымызға келетін шетелдік туристердің санын еселеп арттыруға мүмкіндік береді. Биылдың өзінде Түркістанға 907 мыңнан астам турист келіп, өткен жылмен салыстырғанда 57,2 пайызға өсіп отыр. Жақында облыс орталығына 1 миллионынан астам турист келеді деп күтілуде. Ата-бабаларымыз ежелден саят құрып, жүйрік жарыстырып, құсбегілікті жоғары бағалаған. Теңіздің қадірін білген. Осынау ізгі қасиеттерді жаңғыртатын бүгінгі іс-шара баршаңызға ұнайды деген ойдам. Шардараның жағалауы шетел туристерін қызықтыратын орынға айналуы тиіс және осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

Құрметті, шардаралықтар және қала қонақтары!

Сіздерді тұңғыш рет өтіп тұрған «Safari Shardara» фестивалімен шын жүректен құттықтап, баршаңызға бақ-береке, мықты денсаулық тілеймін!

КОРРУПЦИОННЫЕ ВИРУСЫ КАЗАХСТАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ: НАДО ПЛАТИТЬ ВЕЗДЕ



Из года в год в начале учебного года обсуждается проблема поборов в школах. И в этом году официально заявили: поборы с родителей в школах – незаконные. По словам зампреда Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции Олжаса Бектенова, сборы с родителей в школах республики стали обыденным явлением, при этом они незаконны во всех своих формах. Бектенов подчеркнул, что из госбюджета выделяется необходимое количество средств, покрывающих все нужды школ и детсадов, поэтому родителям нужно бороться с данной практикой.

КАК УЗАКОНИЛИ ПОБОРЫ В ШКОЛАХ

Действительно, поборы в школах стали обыденным явлением, все к ним привыкли, и воспринимают их как нечто привычное – так было всегда. Как и т. н. борьба с этими незаконными сборами денег – судя по результатам, борьба ведется только на словах.

К тому же призывают бороться с данной практикой родителей (?), которые являются «подневольными», – из-за стремления родителя искоренить это социальное явление может пострадать его ребенок. Единственное, что он сможет сделать – не сдавать деньги за своего ребенка; обычно большинство родителей безропотно собирают деньги. У классной руководительницы – маленькая зарплата, а надо оформить класс, отремонтировать мебель, купить комнатные растения и т. д. – есть масса расходов, на которые из бюджета не выделяются средства или не хватает. Для работы классрука нужны канцтовары, стеллажи, бумага, тот же принтер, заправка картриджа – опять нужна помощь родителей. Нередко ведение классного руководства педагогами так и рассматривается – как возможность «возместить» в материальном плане это мало оплачиваемое руководство.

Как происходят эти поборы? В начале сентября на родительском собрании классная руководительница собирает заявления родителей, где они собственноручно расписываются, что всякие сборы денег на нужды школы являются незаконными. Затем учительница собирает эти заявления и уходит минут на 15. За это время родители успевают обсудить вопросы: кто собирать деньги в школьный и классный фонд, сколько, за какие месяцы и на что.

Классная руководительница «официально» заявляет: мол, деньги собирать не будет, но если родители желают помочь, то не против этого. Тем более по закону допускаются благотворительные и добровольные взносы – вот где зарыт «Клондайк» для коррупции! Купил папа школьника новые парты для класса – сам директор школы носит его ребенка на руках. Эта лазейка активно используется родителями для устройства детей в престижную школу, выбора класса, учителей для ребенка и т. д.

Ведь родители сами написали заявления против поборов, а теперь «добровольно» собирают деньги, что по закону не возбраняется! Как с этим бороться?! Никто не сможет искоренить коррупционные начала школьного образования, которые вышеуказанным способом узаконены. Хотя официально запрещены

поборы с родителей, они продолжают сдавать деньги для фонда класса и школы.

«Статьи бюджета» сбора денег могут быть разными: подарки учителям на день учителя, 8 марта и т. д., на оформлении кабинета, покупку штор, шкафчика, зеркала, комнатных растений и т. д. для класса, подарки для девочек на 8 марта, мальчиков на 7 мая, для проведения различных мероприятий (Новый год, Наурыз и др.) и т. д. Собирали деньги даже для мытья пола в классах – в обязанности уборщицы (технички) не входит уборка классов.

Лет 7 тому назад в одной алматинской школе родители хотели собрать деньги на интерактивную доску: по неизвестной причине в плане внедрения этого новшества Алматы отстал от регионов – не во всех школах и классах была своя доска. Из-за возмущения отдельных родителей эта «идея» могла стать известной за пределами школы, и школьное руководство призвало отказаться от этой затеи. В итоге школьники остались без интерактивного обучения и отстали в этом плане от своих сверстников из других школ.

Недавно озвучили размеры взяток для трудоустройства в школы Туркестанской области: чтобы устроиться учителем, надо дать взятку от 500 тысяч до 1 млн тенге. А чтобы работать лаборантом или техничкой, необходимо дать на лапу от 150-300 тысяч тенге. Можете представить, какие знания там получают дети.

ДЕТСКИЕ КОРРУПЦИОННЫЕ ЗАЧАТКИ

Вознаграждения врачам в родильных домах – это в порядке вещей с советских времен, хотя это было в малом масштабе по сравнению с современным опытом. А вот «плата», а точнее взятка для устройства ребенка в детский сад – это уже «достижение» в



годы независимости. Конечно, и в советское время практиковалась помощь родителей в ремонте учебного заведения, но она несравнима с нынешним размахом «помощи».

Ее размер варьируется в зависимости от региона и города. Например, в Алматы несколько лет тому назад составлял около 50-90 тысяч тенге. Эта сумма взималась в виде помощи детскому саду, иногда даже через кассу заведения, но при этом старались обходиться без квитанции об оплате или она оставлялась в садике. Этому способствовала огромная очередность в дошкольные заведения, в которую надо вставать с рождения ребенка. Несколько лет тому назад официальная плата за годы нахождения ребенка в детском садике была сопоставима с оплатой обучения студента в вузе.

Такая же распространенная традиция и при оформлении детей в школу, особенно в специализированную или гимназию, где «плата» может достигать огромной суммы. Опять-таки этому способствует дефицит учебных мест в городских школах и стремление родителей устроить детей в лучшую школу. Здесь речь не идет о частных учебных заведениях. Естественно, такая практика пагубно влияет на общую успеваемость школьников, ибо «блатные» слабые ученики ухудшают показатели даже гимназий, хотя в них практикуется тестирование и собеседование при приеме в 1 класс. Директор школы из-за «оплаты» не может исключить ученика за неуспеваемость. К тому же на законных основаниях

любой родитель может оказать спонсорскую помощь школе.

Нередко в средней школе учителя помогают при сдаче ЕНТ или не препятствуют школьникам пользоваться сотовыми телефонами, чтобы не ухудшать школьные показатели. Таким образом достигается афишированная благополучная статистика.

Коррупция проникала даже в различные детские конкурсы, школьные олимпиады: первые места на олимпиадах нередко покупаются на деньги или достаются «по блату». Ушло то время, когда умные, способные, талантливые ребята поддерживались обществом и государством, и из них вырастали достойные ученые, деятели культуры, общественные и политические деятели. Когда мой ребенок несколько лет тому назад дошел до городской олимпиады по химии после школьной, районной, учительница сказала о «подарке» для комиссии – мы отказались от такой «честь».

Эта славная национальная традиция достигает кульминации в вузах. Если в школах «плата» за хорошую оценку, тестирование, экзамены, аттестат еще не получила повсеместного распространения, то в вузе – это очевидная реальность с устойчивой системой оплаты за тестирование, зачеты, экзамены, курсовые, дипломные работы. Например, экзамен стоит 5-20 тысячи тенге.

Самое интересное, эта картина всем известна, но тем не менее, система образования на официальном уровне у нас считается вполне успешной. За редким исключением, не привлекаются к уголовной ответственности заведующие детских садов, директора средних школ, ректоры вузов, хотя нередко коррупция в учебных заведениях процветает с их участием.

ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ ПРЕВРАТИЛОСЬ В БОЛЬШОЙ БИЗНЕС

Неудивительно, что при таких объективных данных после окончания вуза или колледжа коррупция становится «естественной» для начинающего новую жизнь специалиста. Если в прямом и переносном смысле человек впитывает с молоком матери «энергетику» всеобъемлющей коррупции, с которой он вынужден жить с самого рождения, как можно впоследствии «вытравить» с него и общества «коррупционные вирусы»? Ведь эта коррупционная схе-

ма действует и после окончания учебного заведения на следующем этапе жизни: при устройстве на работу, продолжении учебы или карьеры на работе, защите диссертации и т. д.

Вся система высшего образования РК заточена на деньгах, с тем, чтобы было больше студентов на платной основе. Обладатели знака «Алтын белгі», победители и призеры республиканских и международных олимпиад и научных проектов ныне не освобождаются от сдачи ЕНТ, как было раньше. Зато абитуриенты, провалившие ЕНТ, могут повторно пройти тесты в августе, заплатив 2242 тенге, и поступить на платное отделение.

Насколько законно два раза сдавать ЕНТ в один год?! В России в случае, если участник ЕГЭ (все категории) не получает минимального количества баллов ЕГЭ по выборным предметам, пересдача ЕГЭ для таких участников ЕГЭ предусмотрена только через год.

С такой помощью со стороны МОН троечники поступают в вузы – в прошлом году 30 тысяч абитуриентов стали студентами, повторно сдав ЕНТ (чуть меньше поступивших по гранту, а ведь еще есть студенты платных отделений после основного ЕНТ). Получается, нужны не знания этих абитуриентов, а их деньги. Есть негласное правило: не исключать студентов платных отделений.

В этом году повторно ЕНТ сдали чуть меньше прошлого года, но у проваливших тесты есть возможность сдать ЕНТ в январе 2019 г. и поступить в вуз на платной основе. Т.е. троечникам дается возможность сдавать ЕНТ уже в третий раз!

Если в советское время троечников направляли в СПТУ и ГПТУ, то ныне – на платные отделения вузов. В итоге при огромном количестве вузов и студентов – в стране нехватка специалистов и безработица!

Из-за отсутствия анализа и планирования рабочих мест отдельные отрасли народного хозяйства остались без квалифицированных специалистов: сельское хозяйство, многие промышленные предприятия, строительная отрасль и др., оголилось среднее профтехобразование. Как сказал премьер-министр РК Бакытжан Сагинтаев, «Готовим одних, экономика нуждается в других». Высшее образование превратилось в большой бизнес...



«Крымская технология» – термин, хорошо известный в мировых кругах реставраторов, археологов. Свое название получил от автора реконструкций «Золотого человека», «Берельских коней», «Сакской жрицы», «Сакского воина» – казахстанского ученого Крыма АЛТЫНБЕКОВА. За более чем 30 лет работы его команда спасла и восстановила по крупицам тысячи бесценных артефактов. Как современные технологии помогают раскрывать тайны, о гениальных изобретениях предков и многом другом реставратор рассказал корреспонденту «КАРАВАНА».

